

**АРАЛЫҚ ЕСЕП**  
**18 қазан – 2 қараша 2022 ж.**

**4 қараша 2022 ж.**

**I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

- 21 қыркүйекте Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 20 қарашада Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын өткізуге шақырды. Президент жалпыұлттық бірыңғай сайлау округінен берілген көпшілік дауыспен тікелей сайланады. Сайлау Қазақстан Республикасының конституциялық және онымен байланысты заңнамалық реформаларын, сондай-ақ елдің экономикалық және саяси трансформациясын және соған байланысты мемлекеттік басқаруды қайта құрылымдау мәселелерін талқылау аясында өтуде.
- 2022 жылы Конституцияға енгізілген өзгерістер екі кезеңнен өтті: бірі жалпыхалықтық референдум арқылы және екіншісі парламентте қабылданды. Сайлаудың нормативтік-құқықтық базасы 2019 жылдан бері жиі қайта қаралғанымен, Сайлау туралы заңға енгізілген түзетулердің көпшілігі негізінен парламенттік және жергілікті сайлауларға қатысты болды. Ең соңғы конституциялық өзгерістер, оның ішінде президенттік мерзімге қатысты шектеулер Сайлау туралы заңда әлі көрсетілмеген. Екі мерзімді шектеу бір мерзімге ауыстырылып, өкілеттілік мерзімі бес жылдан жеті жылға дейін ұлғайтылды. ДИАҚБ СБМ бірнеше сұхбаттасушылары соңғы түзетулерге қатысты қоғамдық талқылаудың жоқтығына өкініш білдірді, бірақ кейбір конституциялық өзгерістерді құптады. Дегенмен, ДИАҚБ-ның көптеген ұсынымдары, оның ішінде негізгі бостандықтарға, кандидаттарға қойылатын талаптар мен оларды тіркеуге қатысты ұсыныстары қарастырылмаған.
- Сайлауды Орталық сайлау комиссиясы (ОСК), 239 аумақтық сайлау комиссиялары (АСК) және 10 101 учаскелік сайлау комиссиялары (УСК) басқарады. ОСК-ның жеті мүшесінің екеуі және төмен тұрған сайлау комиссиясы мүшелерінің шамамен 67,7 пайызы әйелдер. ОСК тікелей эфирде тұрақты отырыстар өткізеді, оған байқаушылар, БАҚ өкілдері және партиялардың сенім білдірілген адамдары қатысады. Сайлау күні процедуралары бойынша оқыту жалғасуда. Бұқаралық ақпарат құралдарында сайлаушыларға арналған ақпараттық бейнероликтер көрсетілуде.
- Ағымдағы жылдың 1 шілдесіне жағдай бойынша ОСК 11,9 миллион сайлаушы тіркелгенін хабарлады. Жергілікті атқарушы органдар азаматтық хал актілерінің мемлекеттік тізілімінің деректері негізінде сайлаушылар тізімін жасайды. Сайлаушылар тізімге тұрғылықты жері бойынша енгізілген, сондай-ақ тіркеуді уақытша өзгертуге өтініш бере алады. Сайлаушылар тізімдері ашық және сайлаушылар 5 қарашадан бастап сайлаушы ретінде тіркелуін тексере алады. Сайлау учаскесінде тұратынын растайтын сайлаушыларды сайлау күні тізімге қосуға болады.
- Сайлауға үміткер бірқатар талаптарға сай болуы керек, соның ішінде: жоғары білімі, ҚР аумағында соңғы 15 жыл бойы тұруы, қазақ тілін еркін меңгеру және мемлекеттік қызметте немесе сайланбалы мемлекеттік қызметте кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесі. Кандидаттарды саяси партиялар немесе республикалық қоғамдық бірлестіктер ұсынуы

тиіс; жеке кандидатураларға рұқсат етілмейді. Бірқатар ДИАҚБ СБМ әңгімелесушілері үміткерлерге қойылатын талаптар тым шектеулі деп санады. Ұсынылған 12 кандидаттың ішінен ОСК 6 кандидатты, оның ішінде 2 әйелді тіркеді. Төрт үміткер біліктілік талаптарына сәйкес келмеді және екі ықтимал кандидат қажетті қол санын жинай алмады.

- 21 қазанда үгіт-насихат жұмыстарының басталуымен кандидаттар аймақтық кездесулер өткізуге кірісті, оның ішінде ең белсендісі қазіргі президент болды. Дегенмен, науқан осы уақытқа дейін ұстамды болды және тек шектеулі қоғамдық талқылауды тудырды. Орын-жайлардан тыс үгіт-насихат іс-шараларын өткізу үшін бес күн бұрын «хабарлама» рәсімін сақтау қажет. Әкімшілік ресурстарды теріс пайдалануға, сондай-ақ мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен олардың лауазымды адамдарының қызметтік міндеттерін орындау кезінде үгіт-насихат жұмыстарына тыйым салынады. Кандидаттардың сайлауалды месседждері тұрақты және егемен Қазақстанға, сондай-ақ түрлі әлеуметтік-экономикалық мәселелерге сілтемелерді қамтиды. Әлеуметтік желілерде талқыланатын тақырыптар әртүрлі
- Сайлау туралы заң сайлау науқандарын мемлекеттік және жеке қаржыландыруды көздейді. Заңнамаға сәйкес кандидаттар тіркелген күннен бастап бір күн ішінде арнайы банк шоттарын ашты. Кандидаттардың үгіт-насихат қорлары туралы аралық ақпарат 2 қарашада жарияланды. Сайлау науқанын қаржыландыру туралы түпкілікті есептер ОСК-ға сайлау нәтижелері жарияланғаннан кейін бес күн өткен соң ұсынылады. Сайлау заңнамасында қаржылық есептіліктің деректерін талдау, кросс-тексеру немесе верификациялау туралы нақты ережелер жоқ.
- Конституция сөз және бұқаралық ақпарат құралдарының бостандығына кепілдік береді, цензураға тыйым салады. Соған қарамастан, ДИАҚБ СБМ бірқатар әңгімелесушілері бұл құқықтарды тиімді жүзеге асыру іс жүзінде негізгі заңнамадағы ережелермен бұзылады деп алаңдаушылық білдірді. «Қорлау» қылмыс болып қала береді, ал президент пен мемлекеттік қызметкерлер «ар-намыс пен абыройдың» ерекше қорғалуын пайдаланады; веб-сайттар алдын ала сот бақылауынсыз бұғатталуы немесе жабылуы мүмкін. Барлық бұқаралық ақпарат құралдары кандидаттарға үгіт науқаны кезінде бірдей қолжетімділік пен сайлауалды науқан кезінде объективті жариялылықты қамтамасыз етуге міндетті. Реттеуші және қадағалаушы орган Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі бұқаралық ақпарат құралдарының мониторингін жүргізеді. 21 қазанда ДИАҚБ СБМ алты телеарна мен алты онлайн БАҚ мониторингін бастады.
- Сайлауға қатысатын мүдделі тұлғалар сайлау комиссияларына немесе соттарға шағым бере алады. Қазіргі уақытта ОСК-ға ақпарат беру туралы 106 өтініш келіп түсті. Жоғарғы Сот негізінен кандидаттарды ұсыну мен тіркеуге қатысты бірқатар істерді қарады және ОСК-ның барлық шешімдерін қолдады. Президентті қоса алғанда, субъектілердің шектеулі саны ғана Конституциялық кеңестегі президенттік сайлаудың нәтижелеріне дауласуға заңды құқығы бар.
- Сайлау туралы заң азаматтық және халықаралық байқаушылардың қатысуын қарастырады. Қоғамдық бірлестіктер немесе коммерциялық емес ұйымдар азаматтық байқаушыларды ұсына алады. Заң азаматтық байқаушыларды аккредиттеудің ресми рәсімін қарастырмайды. Азаматтық байқаушылардың кейбір топтары ДИАҚБ СБМ-ға өздерінің байқаушыларын жұмылдыру процесінде екендігі туралы хабарлады.

## II. КІРІСПЕ

Биліктің шақыруымен ЕҚЫҰ Демократиялық институттар және адам құқықтары бюросы (ДИАҚБ) 18 қазанда Сайлауды бақылау жөніндегі миссияны (СБМ) құрды.<sup>1</sup> Елші Урсула Гачек басқаратын ДИАҚБ СБМ Астанада орналасқан 11 адамнан тұратын негізгі топтан және 26 қазанда бүкіл Қазақстан бойынша орналастырылған 30 ұзақ мерзімді байқаушыдан тұрады. Миссия мүшелері ЕҚЫҰ-ға мүше 24 мемлекеттен алынады және Миссия мүшелерінің 44 пайызы әйелдер. ДИАҚБ қатысушы мемлекеттерге дауыс беру күні сайлау барысын бақылау үшін 300 қысқа мерзімді байқаушыны іссапарға жіберуді сұрады.

## III. АЛДЫҢҒЫ ТАРИХЫ ЖӘНЕ САЯСИ МӘНМӘТІНІ

21 қыркүйекте Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 20 қарашада кезектен тыс президенттік сайлау өткізуге шақырды.<sup>2</sup> Президент Тоқаев Нұрсұлтан Назарбаев отставкаға кеткеннен кейін сайланып, 2019 жылдан бері өз қызметін атқарып келеді.<sup>3</sup> Кезектен тыс президенттік сайлау президент билікке келгеннен бері жариялаған конституциялық және соған байланысты заңнамалық реформалар, сондай-ақ елдің экономикалық және саяси қайта құрулары және соған байланысты мемлекеттік басқаруды қайта құрылымдау туралы пікірталастар аясында өтеді.<sup>4</sup>

Мерзімінен бұрын президенттік сайлау туралы хабарландыру 5 маусымда өткен конституциялық референдумнан және жылдың басында «қаңтар оқиғаларынан» туындаған саяси толқулар мен зорлық-зомбылықтан кейін болды. Президенттің айтуынша, референдумда мемлекеттік өкілеттіктердің бөлінуіндегі тепе-теңдікті қалпына келтіру және «жаңа мемлекеттік модель, мемлекет пен қоғам арасындағы өзара іс-қимылдың жаңа форматын» құру мақсаты қойылған. 2022 жылдың қаңтар айының басында жанармай бағасының өсуіне байланысты толқулар айтарлықтай экономикалық және саяси реформалардың ұлттық талаптарына айналды.<sup>5</sup> Қанды тәртіпсіздіктерден кейін Премьер-Министр мен оның кабинетінің жартысын қоса алғанда, жетекші саяси қайраткерлер мен қауіпсіздік қызметкерлері, сондай-ақ Ұлттық Қауіпсіздік Кеңесінің басшысы қызметін атқарған Тұңғыш Президент өз қызметтерінен шеттетілді. ДИАҚБ СБМ және халықаралық ұйымдардың бірнеше сұхбаттасушылары оқиғаларды тәуелсіз және әділ тергеуге шақырды.<sup>6</sup> 27 қазанда Сенат қаңтардағы шерулерге қатысқандар үшін Рақымшылық туралы заң

<sup>1</sup> [Қазақстандағы сайлауды бақылау бойынша ДИАҚБ алдыңғы есептерін](#) қараңыз.

<sup>2</sup> 1 қыркүйекте халыққа Жолдауында Президент алғаш рет 2022 жылдың күзінде және сәйкесінше 2023 жылдың бірінші жартысында кезектен тыс президенттік және парламенттік сайлау өткізетінін жариялады.

<sup>3</sup> 2019 жылғы президенттік сайлауда президент Тоқаев 70,96 пайыз дауыс жинады.

<sup>4</sup> Президент Тоқаевтың [16 наурыз](#) бен [1 қыркүйектегі](#) Халыққа жолдауын қараңыз. 26 сәуірде жарияланған реформаларға сәйкес президент Тоқаев «Аманат» басқарушы партиясының төрағасы қызметінен бас тартты. Президент әлі де кең атқарушы өкілеттіктерді сақтайды және орындалуы міндетті Жарлықтар шығарады, ішкі және сыртқы саясатты анықтайды, министрлер мен барлық аймақтық *әкімдерді* (губернаторларды) тағайындайды.

<sup>5</sup> [Ресми есептерде](#) 238 адам қаза тапты, оның ішінде 19 құқық қорғау органдарының қызметкерлері. Ресми мәліметтерге сәйкес, бірнеше жүз қылмыстық іс қозғалды, оның ішінде «терроризм» бабы бойынша 45 іс. Прокуратураға полициядан жауап алу кезінде азаптау және басқа да [заң бұзушылықтар туралы 91 шағым](#) келіп түсті және осы [істердің](#) кейбірі бойынша тергеу басталды. 1112 сотталушының 128-і бас бостандығынан айыру жазасына кесілді.

<sup>6</sup> Мысалы, [Еуропалық Парламенттің Қазақстандағы жағдай туралы қарарын](#) және [БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комиссарының үндеуін](#) қараңыз.

қабылдады; заң сонымен қатар құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне қатысты.<sup>7</sup>

1 қыркүйекте сөйлеген сөзінде Президент мерзімінен бұрын сайлау туралы жариялай отырып, «Әділетті Қазақстанды» құруға бағытталған түбегейлі және жан-жақты реформаларды табысты іске асыру үшін халықтың сенімінің жаңа мандаты талап етілетінін мәлімдеді.<sup>8</sup> Екінші жағынан, ДИАҚБ СБМ-ның бірнеше сұхбаттасушылары кезектен тыс президенттік сайлауды өткізудің қоғам үшін пайдалы болуына күмәнданып, сайлауды оның заңдылығын арттыру үшін қазіргі президент тағайындады деген пікір білдірді.<sup>9</sup> 5 қыркүйекте оппозициялық саясаткерлер мен азаматтық белсенділерді біріктіретін Демократиялық күштер коалициясы кезектен тыс президенттік сайлауға қарсы болды.<sup>10</sup> Алдағы сайлау кезектен тыс өткізілетін алтыншы тікелей жалпыұлттық сайлау болып табылады.

Әйелдер саяси және қоғамдық өмірде аз ұсынылған. Қазіргі уақытта олар *Мәжілісте*гі 107 орынның 28-ін алады (26 пайыз). 20 *әкімнің* ішінде әйел азаматы жоқ, 22 министрдің 2-еуі әйел. БҰҰ-ның Әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою комитеті (СИДО жөніндегі комитет) бұған дейін әйелдердің саяси және қоғамдық өмірге атысуына кедергі келтіретін басшылық лауазымдардағы әйелдердің төмен өкілдігі мен кемсітушілік гендерлік стереотиптерге алаңдаушылық білдірді.<sup>11</sup>

#### IV. НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗА ЖӘНЕ САЙЛАУ ЖҮЙЕСІ

Президенттік сайлаудың нормативтік-құқықтық базасына Конституция (соңғы түзетулер 2022 жылдың 17 қыркүйегінде осы сайлау қарсаңында енгізілді), конституциялық сайлау туралы заң (Сайлау туралы заң, соңғы түзетулер 2022 жылдың 2 ақпанында енгізілді) және басқа заңдардың тиісті ережелері, соның ішінде Бұқаралық ақпарат құралдары туралы заң, Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыр және өткізу туралы заң және Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі кіреді. Орталық сайлау комиссиясы (ОСК) заңнамамен берілген өз өкілеттіктері шегінде реттеуші орган болып табылады. Қазақстан демократиялық сайлауды өткізуге байланысты негізгі халықаралық және өңірлік құжаттардың қатысушысы болып табылады.<sup>12</sup>

<sup>7</sup> Сенаттың веб-сайтында жарияланған заң жобасында Қылмыстық кодекстің рақымшылыққа жататын баптары, соның ішінде, *атап айтқанда*, қажетті қорғаныс шегінен асып жасалған кісі өлтіру және абайсызда өлімге әкеп соқтырған қылмыс жасаған адамды қамауға алу үшін қажетті шаралардан асып кеткен кісі өлтіру көрсетілген. Сондай-ақ заңда рақымшылық жасаған тұлғаларға қатысты қылмыстардың толық тізімі қарастырылған.

<sup>8</sup> Президенттің 1 қыркүйектегі сөзін қараңыз.

<sup>9</sup> Атап айтқанда, элиталардың билік үшін күресінен, ішкі әлеуметтік-экономикалық жағдайдан, сондай-ақ тұрақты аймақтық геосаяси тәуекелдерден туындаған мәселелерге қатысты.

<sup>10</sup> Коалиция, атап айтқанда, сайлау туралы заңға енгізілген түзетулерді қоса алғанда, реформалар аяқталғанға дейін мерзімінен бұрын сайлау өткізуге [қарсы болды](#). Саяси белсенді Альнур Ильяшев Тоқаев мырзаның тіркелуіне қарсылық білдіріп, мерзімінен бұрын сайлауға шақырған Тоқаев өзінің президенттік өкілеттігін асыра пайдаланды деп мәлімдеді. Шағым қабылданбады (*шағымдар мен апелляцияларды қараңыз*).

<sup>11</sup> Қазақстанның бесінші кезеңдік баяндамасы бойынша 2019 жылғы СИДО жөніндегі комиссияның қорытынды ескертулерін қараңыз, 24, 29-30-тармақтар.

<sup>12</sup> 1966 жылғы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні (МППП), 1965 жылғы Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенцияны, 1979 жылғы Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенцияны, 2003 жылғы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенцияны, 2006 жылғы мүгедектердің құқықтары туралы Конвенцияны (ТБИ) және 2002 жылғы ТМД-ның Демократиялық сайлау, сайлау құқықтары мен бостандық стандарттары туралы конвенцияны қоса алғанда. Қазақстан сондай-ақ Құқық арқылы демократия үшін Еуропа Кеңесі комиссиясының (Венеция комиссиясы) және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттер тобының (GRECO) мүшесі болып табылады.

2022 жылы Конституцияға сәйкесінше 5 маусым мен 16 қыркүйекте өткен Парламенттегі референдум мен дауыс беру нәтижесінде екі рет түзетулер енгізілді.<sup>13</sup> Президент бірыңғай жалпыұлттық сайлау округінде берілген барлық дауыстардың басым көпшілігімен (50 пайыз және бір дауыс) тікелей дауыс беру арқылы сайланады. Егер кандидаттардың ешқайсысы берілген дауыстардың 50 пайызынан астамын алмаса, ОСК белгілеген күні екі ай ішінде ең көп дауыс жинаған екі кандидат арасында екінші тур өткізеді. Екінші турда көп дауыс жинаған кандидат сайланады. 2022 жылдың қыркүйегінде енгізілген конституциялық түзетулердің нәтижесінде өкілеттік мерзімі бес жылдан жеті жылға дейін ұзартылды, ал екі мерзімді шектеу бір мерзімге ауыстырылды.<sup>14</sup> Соңғы конституциялық түзетулердің екі циклі де кейінгі заңнамаға өзгертулер енгізуді талап еткенімен, олар Сайлау туралы заңда әлі көрсетілмеген.<sup>15</sup> ДИАҚБ СБМ-ның бірқатар сұхбаттасушылары сайлау жүйесіне қатысты соңғы өзгерістер көпшілік алдында талқыланды және Президент кезектен тыс президенттік сайлау өткізу ниетін жариялаған 1 қыркүйектен кейін ғана белгілі болғанына өкініш білдірді.

Соңғы президенттік сайлаудан бастап сайлау туралы заңға екі рет түзетулер енгізілді; кейбір ерекшеліктерді қоспағанда, бұл түзетулер парламенттік және жергілікті сайлауға қатысты.<sup>16</sup> Сайлау туралы Заңға, сондай-ақ басқа конституциялық заңдарға түзетулер енгізу жобалары Қазіргі уақытта Сенатта қаралуда.<sup>17</sup> ОСК ДИАҚБ СБМ-ға осы сайлау науқаны барысында сайлау түзетулері қабылданған жағдайда, ережелердің көпшілігі осы сайлаудан кейін ғана күшіне енетінін хабарлады.

Конституция және Сайлау туралы заңның кейінгі ережелері Мемлекет басшысына сайлау процесінің маңызды кезеңдерінде маңызды өкілеттіктер береді. Атап айтқанда, Конституция Президентке кезектен тыс сайлау тағайындауға сөзсіз артықшылық береді. Қазіргі Президент, егер ол өз кандидатурасын ұсынса да, Конституциялық кеңестегі президенттік сайлаудың нәтижелеріне дауласуға заңды құқығы бар шектеулі субъектілердің бірі болып табылады.<sup>18</sup>

<sup>13</sup> 2022 жылғы маусымда қабылданған түзетулер, атап айтқанда, Парламенттің төменгі палатасына (*мәжіліске*) қатысты партиялық тізімдер бойынша толық пропорционалды сайлау жүйесінен аралас сайлау жүйесіне көшу, Президенттен (және басқа да жоғары лауазымды тұлғалардан) өздерінің саяси партияларынан олардың өкілеттік мерзімі ішінде шығуын талап ететін ережелер, Президент тағайындайтын сенаторлардың санын 15-тен 10-ға дейін қысқарту; түзетулер сонымен қатар Президентті аймақтық губернаторлардың қаулыларын жою өкілеттігінен айырды. 2022 жылдың қыркүйегінде енгізілген түзетулер президенттік сайлаудың сайлау жүйесіне әсер етті.

<sup>14</sup> 13 қыркүйекте Конституциялық кеңес президенттік өкілеттік шегін өзгертудің конституциялылығын растады.

<sup>15</sup> Атап айтқанда, Сайлау туралы заң президенттің екі мерзімге шектелген бес жылдық мерзімге сайлануын қамтамасыз етеді.

<sup>16</sup> Мысалы, Парламентке кірудің заңды шегі жеті пайыздан бес пайызға дейін төмендетілді, ал әйелдер, жастар және мүгедектер сияқты өкілдігі аз топтарға арналған квота енді партиялық тізімдер бойынша сайланған кандидаттарға ғана емес, алынған мандаттарға да қолданылады. 2021 жылғы түзетулер сайлаудың барлық түрлеріне арналған бюллетеньдерде «барлығына қарсы» опциясын енгізді.

<sup>17</sup> Бұған Үкімет туралы заң, Сот билігі және судьялардың мәртебесі туралы конституциялық заң және Конституциялық сот туралы заң кіреді. Сайлау туралы заңға түзетулер жобасы 2022 жылдың шілдесінде көпшіліктің талқылауы үшін жарияланды.

<sup>18</sup> Сонымен қатар, басқа кандидаттар мен олардың кандидатураларын ұсынатын ұйымдардың мұндай өтініштерді беру үшін заңды мәртебесі жоқ (*шағымдар мен өтініштерді* қараңыз).

Соңғы конституциялық және заңнамалық өзгерістерге қарамастан, ДИАҚБ-ның көптеген ұсыныстары, соның ішінде бейбіт жиналыстардың,<sup>19</sup> қауымдастықтардың<sup>20</sup> және пікір білдірудің<sup>21</sup> негізгі бостандықтарына қатысты президенттік сайлауға үміткерлерге қойылатын талаптарға және бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты ұсыныстар назардан тыс қалды.

## V. САЙЛАУ ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ ОРГАНДАР

Президенттік сайлауды сайлау комиссияларының үш деңгейлі тұрақты құрылымы басқарады: Орталық сайлау комиссиясы (ОСК), 239 аумақтық сайлау комиссиясы (АСК) және 10 101 учаскелік сайлау комиссиясы (УСК).<sup>22</sup> ОСК және АСК бес жылдық мерзімге тағайындалған жеті мүшеден тұратын тұрақты органдар болып табылады, оның ішінде екі мүшесі ғана тұрақты түрде жұмыс істейді. Президент ОСК төрағасы мен екі мүшені тағайындайды, ал Сенат пен *Мәжіліс* әрқайсысы екі мүшені тағайындайды. ОСК төрағасы 2022 жылдың қаңтарында тағайындалды.<sup>23</sup> ОСК-ның екі мүшесі және төмен тұрған комиссия мүшелерінің үштен екісі әйелдер.<sup>24</sup>

Учаскелік сайлау комиссиясының құрамы тиісті сайлау учаскесіне тіркелген сайлаушылардың санына байланысты 5-тен 11-ге дейін өзгереді. Төмен тұрған сайлау комиссияларының мүшелерін жергілікті кеңестер (*мәслихаттар*) тіркелген саяси партиялардың кандидатураларынан сайлады, 2019 жылы сайлау комиссиясына бір-бірден. Ұсыныстар саны жеткіліксіз болған жағдайда коммерциялық емес және қоғамдық бірлестіктерден, ал егер олар әлі де жеткіліксіз болса, жоғары деңгейдегі комиссиялардан өтінімдер қаралады. *Мәслихаттар* кез келген ұсынушы органның жекелеген кандидатураларын дауыс беру арқылы қабылдауы немесе қабылдамауы мүмкін. Ұсынылған кандидаттар оларды ұсынатын ұйымның мүшелері болуы міндетті емес.

Бүгінгі таңда сайлау әкімшілігі заңмен белгіленген барлық мерзімдерді сақтайды және техникалық дайындық жалғасуда. ОСК сайлау күнтізбесін 22 қыркүйекте, сайлау тағайындалғаннан кейінгі күні жариялады. ОСК тұрақты түрде тікелей эфирде отырыстар өткізеді, оған байқаушылар, БАҚ өкілдері және партиялардың сенім білдірілген адамдары қатысады; әрбір отырыстан кейін баспасөзге арналған брифинг өтеді, ОСК шешімдері оның

<sup>19</sup> Бейбіт жиналыстар туралы заң атқарушы органдарға негіздердің кең тізімі бойынша «хабарлама» алғаннан кейін іс-шараны өткізуге рұқсат беру немесе бас тарту немесе көпшілік іс-шараны өткізу үшін басқа орын/уақыт ұсыну құқығын қалдырады.

<sup>20</sup> ДИАҚБ СБМ ұлттық қоғамдық бірлестіктер мен саяси партияларды тіркеуден көптеген бас тартулардың құжатталған жағдайлары туралы хабардар етілді. ДИАҚБ СБМ-ның бірнеше сұхбаттасушылары саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктерді тіркеу процедуралары қиын және формалды болып табылады, бұл билікке кең дискрециялық өкілеттіктер береді деп мәлімдеді.

<sup>21</sup> Халықаралық ұйымдар Конституциямен қорғалғанымен, негізгі бостандықтар негізгі заңнамамен шектелетініне бірнеше рет алаңдаушылық білдірді. Мысалы, Қазақстанның екінші мерзімді баяндамасы бойынша [БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитетінің \(АКК\) 2016 жылғы қорытынды ескертулерін](#) қараңыз. Сондай-ақ [Қазақстандағы жиналыстар мен қауымдастық бостандығына құқықтар туралы мәселе бойынша арнайы баяндамашының өтінішін](#) қараңыз.

<sup>22</sup> 17 аумақтық (облыстық) АСК, республикалық маңызы бар қалалардың әрқайсысы үшін - Астана, Алматы және Шымкент үшін бір АСК, сондай-ақ 166 аудандық (*аудандық* АСК) және 37 қалалық АСК бар. УСК 9556 қарапайым УСК-тен, мүгедек адамдар болып табылатын сайлаушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, азаматтардың дауыс беруіне арналған 477 учаскеден және елден тыс жерлерде дауыс беру үшін Қазақстан Республикасының 50 елшілігі мен консулдығы жанынан құрылған 68 УСК-тен тұрады. Жалпы сайлау процесіне сайлау жөніндегі комиссияның шамамен 70946 мүшесі тартылды.

<sup>23</sup> ОСК-ның үш мүшесі 2021 жылы екінші мерзімге қайта сайланды.

<sup>24</sup> ОСК мәліметтері бойынша, төмен тұрған комиссия мүшелерінің 67,7 пайызы әйелдер, ал 9,3 пайызы 30 жасқа толмаған.

веб-сайтында уақтылы жарияланады.<sup>25</sup> Бүгінгі таңда ОСК мүшелері ашық отырыстарда талқылаусыз бірауыздан шешімдер қабылдады. ОСК осы уақытқа дейін ашық және ДИАҚБ СБМ-ға ақпарат беруге дайын екенін көрсетті.

Сайлау күні сайлау комиссияларының жаңа мүшелерін рәсімдерге оқыту бағдарламасы бүкіл елде жалғасуда.<sup>26</sup> ОСК ДИАҚБ-ға оның мүшелері осы уақытқа дейін тиісті АСК-пен үйлестіре отырып, орындарға 70-тен астам өңірлік сапарлар өткізгені туралы хабарлады. Науқан 21 қазанда басталғаннан бері әр түрлі бұқаралық ақпарат құралдарында сайлаушыларға сайлау күні туралы ақпарат беретін және олардың қатысуын ынталандыратын ақпараттық бейнелердің алғашқы сериясы көрсетілді. Сонымен қатар, 24 қазаннан бастап, негізінен ОСК *Telegram*-арнасында сайлаушыларды тіркеу рәсімдері туралы хабарламалар таратылуда.

ОСК бірқатар шаралар қабылдады және мүгедектердің сайлау процесіне қатысуын қамтамасыз ету үшін мониторинг механизмін құрды, соның ішінде дене кемістігі бар сайлаушылар үшін сайлау учаскелеріне кедергісіз кіру және көру қабілеті нашар сайлаушылар үшін *Брайль* бланкілерін ұсыну. ОСК отырыстарының тікелей трансляциясы және сайлаушылар туралы ақпараты бар бейнероликтер сурдоаудармамен қамтамасыз етіледі.

## VI. САЙЛАУШЫЛАРДЫ ТІРКЕУ

Сот шешімімен психикалық немесе психоәлеуметтік кемістігі бойынша әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдарды, сондай-ақ жасалған қылмыстың ауырлығына қарамастан бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан адамдарды қоспағанда, 18 жасқа толған азаматтардың сайлау құқығы бар.

Сайлаушыларды тіркеу пассивті және тұрақты тұруға негізделген. Сайлаушылардың тізімдерін жергілікті атқарушы органдар (*әкімдіктер*) азаматтық хал актілерінің мемлекеттік тізілімінің деректері негізінде жасайды. *Әкімдіктер* жылына екі рет сайлаушылардың жаңартылған тізімдерін тиісті АСК-ке ұсынады және АСК тізімдерді ОСК-да сақталған деректермен салыстырады. 1 шілдедегі жағдай бойынша ОСК тіркелген 11 827 273 сайлаушы туралы хабарлады.<sup>27</sup>

Сайлау күніне 30 күн қалғанда, тұрғылықты жерінен тыс жерде дауыс бергісі келетін сайлаушылар тиісті тізімге енгізуді сұрай алады.<sup>28</sup> Сонымен қатар, сайлау күніне дейін 15 күн бұрын сайлаушылар тұрақты тіркелген орнынан тыс кез келген сайлау учаскесінде дауыс беруге мүмкіндік беретін дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін (ЕШК) алуға өтініш бере алады. Сондай-ақ ерекше қажеттіліктері бар адамдарды тіркеу

<sup>25</sup> ОСК *Telegram* әлеуметтік желісіндегі өз арнасын отырыстар алдында мүдделі тараптарды хабардар ету үшін пайдаланады. Осы уақытқа дейін негізгі қарарларда төмен тұрған комиссиялардың құрылуы, кандидаттарды тіркеу және халықаралық байқаушыларды аккредиттеу процесі егжей-тегжейлі сипатталған.

<sup>26</sup> Тренинг АСК мүшелері үшін 1 қарашада аяқталды және УСК мүшелері үшін 18 қарашаға дейін жалғасады. 24 қазанда ОСК АСК және учаскелік сайлау комиссияларына арналған оқу құралдарының электрондық нұсқаларын таратты.

<sup>27</sup> Оның ішінде шетелде тіркелген 12 000 сайлаушы бар.

<sup>28</sup> Тұрғылықты жері бойынша сайлаушылар тізімінен шығару шартымен.

және үйде дауыс беру туралы ережелер қолданылады.<sup>29</sup> Дауыс беруге құқығы бар, учаске шегінде тұрғылықты жерін растай алатын сайлаушылар тізіміне енгізілмеген сайлаушыларды тиісті учаскелік сайлау комиссиясы сайлауға дейін немесе сайлау күні сайлаушылар тізіміне қоса алады.

5 қарашадан бастап сайлаушылар тізімдері көпшілік назарына ұсынылып, сайлаушыларға шағымдануға мүмкіндік береді. Сайлаушылар өздерінің жазбаларын тексеріп, сайлау учаскелерінде немесе байланыс орталығы арқылы түсініктеме сұрай алады. Сайлау учаскелерінің тізімі 7 қарашада жариялануы керек.

## VII. КАНДИДАТТАРДЫ ТІРКЕУ

Әлеуетті кандидаттар сайлауға қойылатын барлық талаптарға сай болуы тиіс: ҚР азаматы болуы, жасы 40 толған болуы, білімі жоғары, соңғы 15 жыл бойы ҚР аумағында тұруы және қазақ тілін еркін меңгеруі тиіс.<sup>30</sup> Сайлау туралы заң соттылығы өтелмеген адамдарға және сот сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін сотталған адамдарға кандидат ретінде сайлауға түсуге тыйым салады. Қосымша талап кандидаттарды мемлекеттік қызметте немесе сайланбалы мемлекеттік лауазымда кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесі болуға және медициналық куәландырудан өтуге міндеттейді.<sup>31</sup> ДИАҚБ СБМ бірқатар сұхбаттасушылары үміткерлерге қойылатын талаптар қатты шектейтінін атап өтті, бұл іс жүзінде халықтың өте шектеулі тобына ғана үміткер болуға мүмкіндік береді.

Жекелеген кандидаттарға өз кандидатураларын ұсынуға рұқсат етілмейді. Кандидаттарды саяси партиялар немесе аймақтардың жартысынан көбінде тіркелген кеңселері бар тіркелген ұлттық қоғамдық бірлестіктер ұсына алады. ОСК үміткерлердің біліктілік талаптарын тексереді және түпкілікті тіркеуді растайды.<sup>32</sup> Он екі кандидат өз кандидатураларын ОСК-ға заңмен белгіленген мерзімде ұсыну туралы өтініш берді. Алтауы, оның ішінде екі әйел, үміткерлерге қойылатын барлық талаптарды орындап, қажетті қол жинады.<sup>33</sup> Шамамен 6500 Еуро (3 миллион теңге)<sup>34</sup> көлемінде сайлау жарнасын енгізіп,<sup>35</sup> жеке тұлғалары мен

<sup>29</sup> Специальные избирательные участки создаются в домах отдыха, больницах или других медицинских учреждениях, отдаленных местах, следственных изоляторах, консульских учреждениях и государственных учреждениях за рубежом, воинских частях и на кораблях в море. Голосование на дому возможно на основании письменного заявления, которое должно быть подано в соответствующую участковую избирательную комиссию за 15 дней до дня выборов, в связи с состоянием здоровья, обязанностью ухаживать за больным членом семьи или нахождением в отдаленном и труднодоступном месте.

<sup>30</sup> ОСК-ның 2005 жылғы қаулысына сәйкес үміткерлер тапсыруы керек тілдік тест эссе жазудан, тиісті дикциямен мәтінді оқудан және 15 минут ішінде көпшілік алдында сөйлеуден тұрды. ОСК 7 қазанда лингвистикалық комиссия құрды.

<sup>31</sup> ОСК мен Денсаулық сақтау министрлігінің 2019 жылғы 13 сәуірдегі бірлескен қаулысымен кандидаттарды тіркеуге кедергі келтіретін 107 психикалық жағдайдың тізімі анықталды.

<sup>32</sup> ОСК мәліметінше, 35 адам кандидаттарды ұсыну тәртібіне қатысты түсініктеме беру туралы өтініш жасады.

<sup>33</sup> Қажетті қолдардың ең аз саны сайлаушылардың жалпы санының 1 пайызын (118 273 қол) құрайды, бұл тең дәрежеде 20 өңірдің/қалалардың (облыстардың) кемінде үштен екісі.

<sup>34</sup> Сайлау кепілі кемінде 5 пайыз дауыс жинаған кандидаттарға қайтарылады.

<sup>35</sup> Депозит ең төменгі жалақының 50 еселенген мөлшерінде (60 000 теңге) және кемінде бес пайыз дауыс алған кандидаттарға қайтарылады. 1 Еуро шамамен 465 теңгеге тең (қазақстандық теңге).



жұбайларының салық декларацияларын тапсырғаннан кейін олар ОСК-да кандидаттар ретінде тіркелді.<sup>36</sup>

Төрт үміткер біліктілік талаптарына сәйкес келмеді және олардың өтініштері қабылданбады. ОСК ұсыну туралы хаттаманы жарамсыз деп таныған Астана аудандық сотының шешімінен кейін болжамды кандидат Нұржан Әлтаевты ұсынудан бас тартты (*шағымдар мен өтініштерді қараңыз*). Барлық біліктілік талаптарын орындаған екі әлеуетті үміткер қажетті қолдар санын жинамады.

Әрбір аумақтық бірлікте жиналған қолдар Ішкі істер министрлігінің Көші-қон қызметі комитетімен бес күн ішінде тексерілді. Содан кейін АСК ОСК-ға аутентификация хаттамаларын ұсынды. ДИАҚБ СБМ-ның бірнеше сұхбаттасушылары қол жинау және тексеру процесінде ашықтық жоқ деген пікір білдірді.

## VIII. САЙЛАУ НАУҚАНЫ

Науқан 21 қазанда кандидаттарды тіркеу аяқталғаннан кейін басталды және 19 қарашада түн ортасында аяқталады. Ашық үгіт-насихат шаралары Бейбіт жиналыстар туралы заңмен реттеледі және заң сайлау науқаны кезінде өткізілген жиналыстар мен одан тыс жиналыстар арасында ешқандай айырмашылық жасамайды.<sup>37</sup> Сайлау науқанына байланысты белгілі бір жиналыстарды өткізу үшін үміткерлер жоспарланған іс-шарадан бес күн бұрын жергілікті билікке хабарлауы керек.<sup>38</sup> Бейбіт жиналыстар туралы заң негіздердің кең тізімі бойынша «хабарлама» алғаннан кейін немесе көпшілік іс-шараны өткізу үшін басқа орын/уақыт ұсынғаннан кейін іс-шараны өткізуге рұқсат беру немесе бас тарту құқығын атқарушы органдарға қалдырады. Заңнамада ашық алаңда үгіт-насихат іс-шараларын өткізу үшін арнайы бөлінген орындар көзделген.

Сайлау науқанының материалдарына плакаттар, парақшалар, фотосуреттер және аудиовизуалды материалдар кіруі мүмкін. Үгіт материалдарын тарихи, мәдени немесе сәулеттік құндылығы бар ғимараттар мен құрылыстарға, сондай-ақ сайлау учаскелеріне орналастыруға тыйым салынады. Заң бойынша, мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару органдары сайлау науқандарын өткізу үшін өз үй-жайларын, жабдықтарын және басқа да мүліктерін қамтамасыз етуі және оларды сайлау науқанының барлық қатысушылары пайдалануы үшін тең жағдайларды қамтамасыз етуі керек. Әкімшілік ресурстарды теріс пайдалану, қайырымдылық акциялары және сайлаушыларға тауарлар, қызметтер, ақша немесе экономикалық пайда туралы уәде беруге тыйым салынады. Мемлекеттік лауазымдарға кандидаттарға сайлау алдындағы науқан барысында өзінің қызметтік жағдайын өз мүддесіне пайдалануға тыйым салынады. Мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен олардың лауазымды адамдарының қызметтік міндеттерін атқару кезінде үгіттеуі заңсыз болып табылады.

<sup>36</sup> Тіркелген кандидаттар: «Кәсіби әлеуметтік қызметкерлердің ұлттық альянсы» қоғамдық бірлестігі ұсынған Қарақат Әбден, Ұлттық социал-демократиялық партия ұсынған Нұрлан Әуесбаев, «Ауыл» партиясы ұсынған Жигули Дайрабаев, «Аманат» кәсіподақтар федерациясынан Мейрам Қажыкен, үш парламенттік партия бірлесіп ұсынған Қасым-Жомарт Тоқаев: «Аманат», «Ақ жол», Халық партиясы, сондай-ақ бірнеше қоғамдық бірлестіктер және «Қазақ Аналары - Дәстүрге жол» қоғамдық бірлестігі ұсынған Салтанат Тұрсынбекова.

<sup>37</sup> Бейбіт жиналыстар туралы заң жабық үгіт-насихат шараларын өткізуді реттемейді.

<sup>38</sup> Пикет, жиналыс және митингі түріндегі бейбіт жиналыстар ескертуді қажет етсе де, демонстрациялар мен шерулер түрінде бейбіт жиналыстарға рұқсат қажет.

Үміткерлер бүкіл ел бойынша кездесулер өткізе бастағанына қарамастан, қазіргі президент ең белсенді болып табылады, науқан әлі де ұстамды және аз қызығушылық пен пікірталас тудырды. Жалпы, байқауға қатысушылардың сайлауалды жолдауларына тұрақты және Егемен Қазақстанға және жастар мен адами капиталды, әйелдер құқығын, ауыл шаруашылығын, тұрғын үй құрылысы мен инфрақұрылымды қолдауды қоса алғанда, түрлі әлеуметтік-экономикалық проблемаларға сілтемелер кіреді. Осы уақытқа дейін ДИАҚБ СБМ кездескен сайыскерлер қазіргі президентке қарсы нақты бағдарламалар ұсынбады, кейде тіпті оның саясатын қолдады. Тоқаев мырза ресми науқан басталар алдында президент ретінде өңірлерге жұмыс сапарларын жасады.<sup>39</sup>

Instagram, Facebook және YouTube платформаларында үміткерлердің кейбір науқандарын ДИАҚБ СБМ бақылап отырды. Ықпалды адамдар мен саяси қайраткерлердің онлайн-посттары тақырыптардың кең ауқымын қамтиды және басқалармен қатар, қазақ тілін қолдануға, сыбайлас жемқорлыққа, инфляция мен кедейшілікке, сондай-ақ өңірдегі ағымдағы геосаяси оқиғаларға назар аударады.

## IX. САЙЛАУ НАУҚАНЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

Сайлау туралы заңда сайлау науқанын мемлекеттік және жеке қаржыландыру қарастырылған. Президенттікке кандидаттар бұқаралық ақпарат құралдарына, баспа материалдарына және митингілер өткізуге жұмсалатын шығындарды жабу үшін мемлекеттік қаржыландыруға құқылы. Бұл қаражат үміткерлерге тікелей берілмейді. Оның орнына мемлекеттік қаражат Астана *әкімдігі* ашқан және Астана АСК қарамағындағы шоттарға жіберіледі. Үміткерлер қызметтерді жеткізушілермен және шот-фактуралармен келісімшарттар жіберу арқылы қаржыландыруға өтініш береді. Әр үміткер теледидар мен радиода өнер көрсеткені үшін шамамен 9 миллион теңге алуға құқылы; Қоғамдық іс-шараларға және баспа материалдарына 800 000 теңге; және көлікке 500 000 теңге.<sup>40</sup>

Жеке қорлар кандидаттардың өз қаражаттарынан, оларды ұсынған саяси партиялардың немесе қауымдастықтардың жарналарынан және жеке және заңды тұлғалардың қайырымдылықтарынан тұруы мүмкін.<sup>41</sup> Заң кандидаттардың сайлау науқанының қорларына және олардың шығындарына шектеулер қойғанымен, жеке жарналарға шектеулер жоқ. Мемлекет қаржыландыратын ұйымдардың, қайырымдылық ұйымдарының, діни қауымдастықтардың және шетелдік, заттай және анонимді көздердің жарналарына тыйым салынады. Үміткерлер ОСК таңдаған банкте олар тіркелгеннен кейін бір күн ішінде арнайы шоттар ашты. Банк барлық жарналар мен шығыстар туралы ОСК-ға апта сайын есеп беруге міндетті. Осы уақытқа дейін ДИАҚБ СБМ кездескен үміткерлер өздерінің жарналарының көздері мен қаражат жұмсау орындарын талқылауға құлықсыз болды.

Кандидаттардың сайлау науқаны бойынша қаражат туралы аралық ақпараты ОСК сайтында 2 қарашада жарияланды. Сайлау нәтижелері жарияланғаннан кейін бес күн өткен соң, кандидаттар өздерінің сайлау науқанын қаржыландыру туралы есепті ОСК-ға ұсынуға міндетті, ол оны өз веб-сайтында жариялайды. ОСК қаржылық бақылауға жауапты мемлекеттік органдардың бірі болғанымен, сайлау заңнамасында есептерді тексеру, кросс-тексеру немесе верификациялау туралы нақты ережелер жоқ.

<sup>39</sup> 27 қыркүйек пен 20 қазан аралығында Президент Абай, Алматы, Жетісу, Павлодар, Қарағанды, Шымкент және Түркістанға барды.

<sup>40</sup> ОСК кандидаттарға сайлау алдындағы науқанның әрбір сайлаудағы мақсаттарына бөлінетін мемлекеттік қаражаттың көлемі мен мақсаттарын айқындайды.

<sup>41</sup> Парламенттік Саяси партиялар жыл сайынғы мемлекеттік қаржыландыруға соңғы парламенттік сайлау нәтижесінде алынған дауыстар санына пропорционалды түрде құқылы.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс сайлау науқанын қаржыландыру ережелерін бұзғаны үшін санкцияларды анықтайды. Сонымен қатар, Сайлау туралы заң кандидаттарды сайлау қорларын пайдаланумен байланысты бұзушылықтар үшін тіркеуден шығаруды және егер бұзушылықтар дауыс беруден кейін анықталса, сайлау нәтижелерін жарамсыз деп тануды қарастырады. Заң ОСК бұрын іс жүзінде қолданылмаған деп санайтын осы санкцияларды қолданудың ешқандай критерийлерін белгілемейді.

## Х. БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ

Бұқаралық ақпарат құралдарының саны өте көп, дегенменен.<sup>42</sup> Заңнама БАҚ иелері туралы ақпаратты ашуды талап етпейді және ДИАҚБ СБМ-ның бірнеше сұхбаттасушылары бұқаралық ақпарат құралдарына иелік етудің ашықтығы мен мемлекеттік қаражатты бөлудің жоқтығына алаңдаушылық білдірді. Теледидар әлі де саяси ақпараттың маңызды көзі болғанымен, онлайн БАҚ мен әлеуметтік медианың танымалдығы өсуде.

Конституция сөз бостандығы мен бұқаралық ақпарат құралдарына кепілдік береді және цензураға тыйым салады. Дегенмен, 2020 жылдың маусымында «жала жабу» қылмысыздандырылғанына қарамастан, «қорлау қылмыстық құқық бұзушылық болып қала береді және Президент пен мемлекеттік шенеуніктердің «ар-намысы мен қадір-қасиетін» ерекше қорғау әлі де қамтамасыз етілуде. Сонымен қатар, веб-сайттар мен әлеуметтік желілердегі аккаунттар бұқаралық ақпарат құралдары болып саналады, бұл әлеуметтік желілерде жеке аккаунт пайдаланушыларын әлеуметтік желілердегі жарияланымдары үшін жауапты етеді.<sup>43</sup> ДИАҚБ СБМ-ның бірқатар сұхбаттасушылары сыни пікірлерді даттау және журналистерге төнетін қауіп-қатер мен шабуыл жағдайларына қатысты алаңдаушылық білдірді.<sup>44</sup>

Бұқаралық ақпарат құралдарын, соның ішінде онлайн-мазмұнды реттеу және қадағалау Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне (АҚДМ) жүктелген. Қолданыстағы заңнама ІІМ мен Ұлттық қауіпсіздік комитетіне веб-сайттарды бұғаттауға және бұқаралық ақпарат құралдарының жұмысын алдын-ала сот қадағалауынсыз тоқтатуға мүмкіндік береді. Сайлау туралы заң бұқаралық ақпарат құралдарында сайлау науқанын жариялауды реттейді, ол бұқаралық ақпарат құралдарын кандидаттардың сайлау науқанын объективті түрде жариялауға міндеттейді. АҚДМ бұқаралық ақпарат құралдарына мониторинг жүргізеді және бұқаралық ақпарат құралдарының құқықтық шеңберді сақтайтындығына көз жеткізеді.<sup>45</sup> Бұқаралық ақпарат құралдары тіркелген кандидаттарға шарттық негізде эфир уақыты мен баспа алаңын ұсынады. Бұдан басқа, мемлекет бұқаралық ақпарат құралдарында

<sup>43</sup> 26 қыркүйекте Бас прокуратура әлеуметтік желі қолданушыларын жалған ақпарат таратудан сақтандырды және оларға Қылмыстық кодекстің 174, 194 және 274-баптарының қолданылуы мүмкін екенін [еске салды](#). 174-бап әлеуметтік, ұлттық, тайпалық, нәсілдік, таптық немесе діни өшпенділікті қоздыруға тыйым салады; 194-бап – «бопсалау»; ал 274-бап – «көрінеу жалған ақпарат тарату».

<sup>44</sup> «Әділ сөз» ҰЕҰ мәліметтері бойынша, 2022 жылдың қыркүйек және қазан айларында Elmedia.kz, ҚазТАГ және Orda.kz веб-сайттары бірқатар «қызмет көрсетуден бас тарту» (DDoS) шабуылдарына тап болды. Бұқаралық ақпарат құралдары Elmedia кеңселеріне екі рет шабуыл жасалғанын хабарлады, ал Orda.kz бас редактоыр қазан айының басында қокан-лоқы сипатында [хат](#) алды. 12 қазанда журналист Думан Мұхаметқарым бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібін бұзды деген айыппен [қамауға алынды](#). ДИАҚБ СБМ бірқатар сұхбаттасушылары әлеуметтік желілерде де, онлайн-порталдарда да жала жабу науқандарына ұшырағанын хабарлады. Мысалы, [qazpolit.org](#) веб-порталында әр түрлі тәуелсіз журналистердің, бұқаралық ақпарат құралдарының, халықаралық ұйымдар мен белсенділердің «профильдері» келтірілген.

<sup>45</sup> Осы науқан аясында [320 бұқаралық ақпарат құралдары](#) тіркелген үміткерлерге эфир уақыты мен баспа алаңын ұсынуға ниет білдіретіні туралы ОСК хабардар етті.

кандидаттардың сайлауалды сөз сөйлеуіне қаражаттың тең бөлінуін қамтамасыз етеді. ОСК бұқаралық ақпарат құралдары ұсынған кестелер негізінде эфир уақытының берілуін және баспа алаңының бөлінуін қадағалайды.<sup>46</sup> ОСК пікірталастарды ұйымдастыруға да жауапты; барлық кандидаттардың сайлауалды телевизиялық пікірталастары 11 қарашаға «Хабар» телеарнасында жоспарланған.<sup>47</sup>

21 қазанда ДИАҚБ СБМ алты телеарнаның мониторингін бастады: «Хабар ТВ», «Qazaqstan TV», «Бірінші Еуразиялық арна», «7 арна», «31 арна» және «КҚК», сондай-ақ алты онлайн-БАҚ: [tengrinews.kz](http://tengrinews.kz), [zakon.kz](http://zakon.kz), [orda.kz](http://orda.kz), [vlast.kz](http://vlast.kz), [azattyq.org](http://azattyq.org) және [kaztag.kz](http://kaztag.kz).

## XI. ШАҒЫМДАР МЕН ӨТІНІШТЕР

Сайлауға қатысатын мүдделі тұлғалар сайлау комиссияларына немесе соттарға шағымдарды болжалды бұзушылық орын алған күннен бастап 10 күн ішінде бере алады.<sup>48</sup> Сайлау комиссияларында шағымдарды қарау үшін бес күн және төмен тұрған комиссиялардың шешімдеріне шағымдарды қарау үшін үш күн бар.<sup>49</sup> ОСК шешімдеріне, әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне шағымдар мен өтініштер Жоғарғы сотқа жіберіледі.

2020 жылғы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі дауларды шешу тетігіне қатысты елеулі өзгерістер енгізді. Мемлекеттік басқаруға байланысты даулар, соның ішінде сайлауға байланысты істер азаматтық соттардан мамандандырылған әкімшілік соттарға берілді.<sup>50</sup>

Бүгінгі күні ОСК-ға ақпарат беру туралы 106 өтініш пен сұрау түсті; олардың көпшілігіне ОСК хатшылығы қоғамдық талқылаусыз электрондық жүйе арқылы жауап берді.<sup>51</sup> ОСК қараған бір шағым,<sup>52</sup> содан кейін азаматтық соттың шешімі Нұржан Әлтаевтың кандидатурасын қабылдамауға әкелді. Соттың соңғы шешіміне дейін, уақытша шара ретінде, бұл кандидатты тіркеу процесі ОСК-мен «тоқтатылды», бұл кандидатқа қол жинауға кедергі болды.<sup>53</sup>

Жоғарғы сот екі істі қарап, екі іс бойынша да ОСК шешімдерін күшінде қалдырды. Бір шағым кандидатты ұсынуға қатысты болды. Президент Тоқаевтың кандидат ретінде тіркелуіне қарсы тағы бір шағым және одан кейінгі апелляция тек кандидаттар мен оларды ұсынған бірлестіктер

<sup>46</sup> Теледидарда он бес минут, радиода он минут және баспа басылымдары немесе онлайн порталдарында екі мақала.

<sup>47</sup> ОСК мәліметтері бойынша, дебаттарды тарату үшін телеарнаны таңдау техникалық талаптар, қамту және рейтинг негізінде АҚДМ ұсынысы бойынша жасалды.

<sup>48</sup> Сайлау комиссиясына да, сотқа да шағым берілген жағдайда, сот талқылауы басым күшке ие болады.

<sup>49</sup> Кандидаттарды тіркеуге байланысты шағымдар мен апелляциялар ОСК шешімі қабылданған сәттен бастап 10 күн ішінде Жоғарғы сотқа берілуі керек, оның түпкілікті шешім шығаруға 10 күні бар. Сайлау комиссиялары сайлаушылар тізіміне енгізуге байланысты шағымдарды сол күні қарауға тиіс және олардың шешімдері одан әрі жеделдетілген сот қарауына жатады. Сайлауға дейін немесе сайлау күні бес күн ішінде берілген шағымдар дереу қаралуы керек.

<sup>50</sup> 2020 жылғы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі 2021 жылдың 1 шілдесінде күшіне енді және референдумға қатысты шағымдарды шешуге қатысты болды.

<sup>51</sup> ОСК шешімдері мен жауаптары жарияланбайды. ОСК ұсынған ақпаратқа сәйкес ДИАҚБ СБМ-ның өтініші бойынша 60-тан астам өтініш кандидаттарды ұсыну және оларды тіркеу ережелерін қоса алғанда, сайлау заңнамасын түсіндіру туралы өтініштерге қатысты болды. ОСК бұл санға сәйкес келмейтін кандидаттардан үміткер ретінде тіркелу туралы сегіз өтінішті енгізді. Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдары эфир уақыты туралы және науқанға қатысты басқа мәселелер бойынша 16 ақпарат сұрауын берді, 5 сұрау сайлаушылардың мекенжайларының өзгеруіне де қатысты болды.

<sup>52</sup> Оппозициядан кандидат ұсыну туралы осы дау әкімшілік сотқа емес, азаматтық сотқа берілді.

<sup>53</sup> Токтата тұру заңмен қарастырылмаған және практикалық тұрғыдан үміткерге қол жинау үшін парақтар берілмегендігін білдірді. Сот тыңдаулары барысында ОСК бұл жағдайда өз қалауы бойынша әрекет еткенін мәлімдеді.

өздері тіркелген жағдайда тиісті заңды күші бар болады деген негіздемемен қанағаттандырыусыз қалдырылды.<sup>54</sup> Кандидаттарға қойылатын талаптардың Конституцияға қайшы келуіне байланысты қалған істер, соның ішінде өзін-өзі ұсыну мүмкіндігінің болмауы, Конституциялық шағымдарға қатысты сот юрисдикциясының болмауына байланысты қабылданбады.<sup>55</sup> Сайлаудағы бұзушылықтар туралы өтініштер прокуратура органдарына немесе соттарға берілуі мүмкін, олар бес күн ішінде қаралуы керек.

Сайлаудың соңғы нәтижелеріне Конституциялық Кеңесте жарияланған күннен бастап он күн ішінде шағым жасалуы мүмкін. Бұл құқық Парламенттің екі палатасының спикерлеріне, парламент мүшелерінің кем дегенде бестен біріне, премьер-министрге және Президентке ғана беріледі.

## **XII. АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙҚАУШЫЛАР**

Сайлау туралы заң сайлауды азаматтық және халықаралық бақылауды көздейді. Қоғамдық бірлестіктер немесе коммерциялық емес ұйымдар азаматтық бақылаушыларды ұсына алады. Заң сайлау әкімшілігінде азаматтық байқаушыларды аккредиттеудің ресми рәсімін қарастырмайды. Азаматтық байқаушылардың жеке куәлігін және ұйымға тиесілігін растайтын құжатты көрсеткен кезде сайлау учаскелерінде дауыс беруді және дауыстарды санауды байқауға құқығы бар.<sup>56</sup> Кандидаттар мен тіркелген саяси партиялар өздерінің агенттерін (сенімді тұлғаларын) және байқаушыларын жіберуге құқылы. Азаматтық байқаушылардың кейбір топтары ДИАҚБ СБМ-ға өздерінің байқаушыларын жалдау процесінде екендігі туралы хабарлады. ОСК халықаралық байқаушыларды аккредиттеудің ресми рәсімін енгізді.

## **XIII. ДИАҚБ СБМ ҚЫЗМЕТІ**

ДИАҚБ СБМ Астанада ресми түрде 19 қазанда баспасөз мәслихатымен ашылды. Миссия басшысы ОСК төрағасымен, Сыртқы істер министрінің орынбасарымен және басқа да жоғары лауазымды мемлекеттік шенеуніктермен, саяси партиялардың, бұқаралық ақпарат құралдарының, азаматтық қоғамның басшылары мен өкілдерімен, сондай-ақ дипломатиялық және халықаралық қоғамдастық мүшелерімен кездесті.

***Бұл есептің ағылшын тіліндегі нұсқасы жалғыз ресми құжат болып табылады.  
Бейресми аудармалар қазақ және орыс тілдерінде қолжетімді.***

<sup>54</sup> Бұл жағдайда тек Тоқаев мырза мен оның кандидатурасын ұсынған қауымдастықтар оның тіркелуіне дау айтуға құқылы болды. Өтініш беруші Президенттің мерзімінен бұрын сайлауға шақыруы қазіргі президенттің мемлекеттік ережені теріс пайдалануы деп мәлімдеді.

<sup>55</sup> Маусымдағы конституциялық түзетулерге сәйкес Конституциялық сот тек 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап әрекет етеді.

<sup>56</sup> Азаматтық байқаушылардың өздерімен бірге өз кандидатурасын ұсынған ұйымнан хаты болуы тиіс.